



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

**ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ БЮДЖЕТІ МЕН
БЮДЖЕТ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ****Сақбайқызы Әсел**

Ass-t@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ заң факультетінің докторанты

Астана қ-ы, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – з.ғ.д., проф. Р.С.Әлімқұлов

Қазақстан қазіргі таңда посткеңестік мемлекеттерінің ТМД мен Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы мен Қазақстан Республикасының Кеден одағы тәрізді мемлекетаралық бірлестіктердің және Еуразиялық экономикалық одақтың(ЕАЭО) мүшесі болып табылады. Еуразиялық экономикалық одақ – 2015 жылдың 1 қаңтарында Еуразиялық интеграция аясында Ресей, Қазақстан және Беларусь Кеден одағының негізінде құрылатын экономикалық одақ [1]. 2014 жылы 29 мамырда Астана қаласында «Еуразиялық экономикалық одақты құру туралы» шарттың негізінде жаңа форматтағы Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі - ЕАЭО немесе Одақ) құрылған болатын. Қазақстан Республикасы аталған шартты 2014 жылғы 14 қазандағы «Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен ратификациялады. Заңды тұрғыды ЕАЭО өз жұмысын 2015 жылы бастады. Бұған дейін алдыңғы мақалада Одақтың даму тарихы қарастырылғандықтан, Одақтың бюджетінің құқықтық негізі туралы мәселеге көшу орынды деп есептейміз.

ЕАЭО-ның дербес бюджетінің болуы бюджет жүйесінің қалыптасуының өзіне тән белгісі болып табылады. Сондықтан да болар, мамандар бұл ұйымды Еуропалық одақпен салыстыруда, дегенмен аталған интеграциялық бірлестіктердің қаржыландыру жүйесі мен бюджет құрылымы тең дәрежеде деп айтуға келмейді. ЕАЭО-ның бюджеті мен бюджет жүйесінің құқықтық негіздері Одақ құқығына негізделеді. Яғни, Одақ туралы шарттан, Одақ шеңберінде жасалған халықаралық шарттардан, Одақтың үшінші тараптармен жасалған халықаралық шарттарынан, Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің, Еуразиялық үкіметаралық кеңестің және Еуразиялық экономикалық комиссияның өз өкілеттіктері шеңберінде қабылданған шешімдері мен өкімдерінен тұрады[2,6-бап]. ЕАЭО бюджет жүйесінің құқықтық базасын атап өтетін болсақ, олар:

- 2014 жылғы 29 мамырдағы «Еуразиялық экономикалық одақты құру туралы» шарт (2015 жылы 1 қаңтарда күшіне енді);

- 2014 жылғы 10 қазандағы Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің шешімімен бекітілген «Еуразиялық экономикалық одақ бюджеті туралы» Ереже;

- Еуразиялық экономикалық комиссиясы туралы Ереже (2014 жылғы 29 мамырдағы «Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа» № 1 Қосымша). Ережеде комиссияның негізгі міндеттері, қызметі, Комиссия Кеңесінің, Комиссия Алқасының және Комиссия департаменттерінің атқаратын қызметтері қарастырылған;

- 2014 жылғы 23 желтоқсандағы «Еуразиялық экономикалық комиссия жұмысының регламенті туралы» Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің шешімі. Регламент Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі - ЕЭК) жұмыс істеу тәртібін бекітеді;

- 2015 жылғы 16 қазандағы Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің «Еуразиялық экономикалық одақтың экономикалық дамуының негізгі бағыттары туралы» шешімі;

- 2017 жылғы 14 сәуірдегі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің «2017 - 2018 жылдарға арналған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің макроэкономикалық саясатының негізгі бағыттары туралы» шешімі;

- 2015 жылғы 15 шілдедегі Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің шешімімен бекітілген «Еуразиялық экономикалық одақтың бюджет сыныптамасының құрамы мен құрылымы туралы»;

- 2014 жылғы 10 қазандағы Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің «Еуразиялық экономикалық одаққа мүше-мемлекеттердің Еуразиялық экономикалық одақтың бюджетіне үлестік жарналарының көлемдері (шкаласы) туралы» шешімі;

- 2016 жылғы 20 мамырдағы Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің «2015 жылы кедендік әкелу баждарының сомаларын Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттері арасында есепке жатқызу және бөлу туралы есеп туралы» өкімі;

- Одақ құқығының қаржылық бақылау аясындағы басқа да қайнар көздері.

Жоғарыда аталған нормативтік-құқықтық құжаттар тізбесі ЕАЭО-ның бюджетін қалыптастыру үшін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, әрине бұл өзгеріссіз қалады деген сөз емес, өйткені жаңа нормативтік-құқықтық құжаттарды қабылдау арқылы тізім кеңейтілуі мүмкін. Тізімдегі заңнамалық құжаттар Одақ бюджет жүйесінің негізгі аспектілерін сипаттайды. «Еуразиялық экономикалық одақты құру туралы» Шарт (бұдан әрі - Шарт) пен «Еуразиялық экономикалық одақ бюджеті туралы» Ереже (бұдан әрі - Ереже) Одақ құқығының басты қайнар көздері болып табылады. Шарт 28 бөлімнен, 118 баптан және 33 қосымшадан тұрады. Шарт көптеген мәселелерге қатысты нормаларды қамтиды, олар: ЕАЭО-ның негізгі мақсаттары мен құрылымы, органдарының құзыреттілігі, кеден одағы, медициналық бұйымдардың айналымы, сыртқы сауда саясаты, санитарлық, ветеринарық-санитарлық мәселелер, біріңғай экономикалық кеңістік, бюджет, валюта, салық және тағы да көптеген маңызды мәселелерді қамтиды. Ереже Одақ бюджетінің құрылымы, құрылу тәртібі, атқарылуы, атқарылуы туралы есепті әзірлеу тәртібі және қаржылық бақылауға байланысты нормаларды қамтыған. Ендігі басты мәселе Одақ бюджеті дегеніміз не? Ережеде берілген анықтамаға сәйкес «Одақ бюджеті дегеніміз – Одақтың қызметін қаржылай қамтамасыз етуге арналған ақша қаражаттарды жұмсау мен қалыптастыру нысаны» [3, 2-бап]. Яғни, Одақтың қызметін жүзеге асыру үшін қалыптастырылатын және пайдалануға бөлінетін ақша қаражаттардың нысаны. Біздің пікірімізше, нормативтік құқықтық және экономикалық тұрғыдан бұл анықтама толыққанды және дәл құрастырылмаған. Себебі, «ақша қаражаттарының нысаны» деген түспен келіспейміз. Бюджет деген - бұл ақша қаражаттардың бір жерге шоғырлануы. Нысан деген, басқада бір түрде болуы дегенді білдіреді. Яғни, ақша қаражаттарының өзге де насанда кездесуі қор болып табылмайды. Енді, «ЕАЭО құру туралы» шартта (бұдан әрі – Одақ шарты), Одақ бюджетінің Одақ органдарының қызметін қаржыландыру үшін, мүше мемлекеттердің үлестік жарналары есебінен ресейлік рубльмен қалыптастырыладығы жөнінде айтылған [2, 20-бап].

Бюджет ұғымын толыққанды ашу үшін ЕАЭО-қа мүше-мемлекеттердің бюджет туралы заңнамаларын жеке-жеке қарастырып өтейік. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес, бюджет дегеніміз - мемлекеттің өз міндеттері мен функцияларын іске асыруды қаржылай қамтамасыз етуге арналған орталықтандырылған ақша қоры [4, 3-бап]. Ресей Федерациясының бюджет кодексінде, «бюджет - мемлекеттің және жергілікті өзін-өзі басқарудың міндеттері мен қызметтерін қаржылай қамтамасыз ету үшін қалыптастырылатын және жұмсалатын ақша қаражаттың нысаны» - деп қарастырылған [5, 6-бап]. Беларусь Республикасының бюджет кодексінде мынадай анықтама берілген: бюджет - мемлекеттің міндеттері мен қызметтерін жүзеге асыру үшін ақшалай қаражатты қалыптастыру және пайдалану жоспары [6, 2-бап]. Қырғызстан Республикасының бюджет кодексіне сәйкес, бюджет дегеніміз - мемлекеттің және жергілікті өзін-өзі басқарудың міндеттері мен қызметтерін жүзеге асыру үшін ақша қаражаттарын қалыптастыру және жұмсау жоспары [7, 2-бап]. Армения Республикасының «Бюджет жүйесі туралы» Заңында бюджетке мүлдем анықтама берілмеген, онда тек бюджеттің кіріс және шығысы бөлігіне түсініктеме берілген. Бұл анықтамаларды саралай келе Ресей, Беларусь және Қырғызстан мемлекеттерінің нормативтік-құқықтық актілеріндегі бюджетке қатысты анықтамалары бірдей екенін көреміз. Ресей заңнамасында бюджетті «нысан», ал Беларусь пен Қырғызстан заңнамасында «жоспар» деп айқындайды. Ресей мен Қырғызстан «мемлекет пен жергілікті өзін-өзі басқару қаржыландыру» деп беп берсе, Беларусь мемлекетінің заңнамасында тек «мемлекетті

қаржыландыру» деп көрсеткен. Жалпы алғанда Қазақстанның Бюджет кодексінде «ақша қаражат қоры» деп анықтайды.

Сонымен, Ережедегі бюджеттің ұғымына қатысты анықтаманың дәл және анық берілмегенін ескеріп, Одақ бюджетінің ұғымына мынадай анықтама беруге болады деп есептейміз. Одақ бюджеті дегеніміз – Одақтың міндеті мен қызметін қаржылай қамтамасыз етуге арналған, мүше мемлекеттердің үлестік жарналары есебінен қалыптастырылатын ақшалай қаражат қорлардың жиынтығы.

Басқа да бюджеттер тәрізді, Одақ бюджетінің де құрылымы бар. Одақ шарты мен Ережеде берілген нормаларға негізделіп, Одақ бюджетінің құрылымы кіріс және шығыс бөлімдерден тұратынын көруімізге болады. Ережеге сәйкес, Одақ бюджетінің кіріс бөлімі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес (бұдар әрі – Жоғары кеңес) бекіткен мөлшердегі, Одаққа мүше-мемлекеттердің жарнасынан тұрады [3, 8-бап]. Ал, Одақ бюджетінің шығыс бөлімі, Одақ органдараның қызметін, Жоғары кеңестің, Еуразиялық үкіметаралық кеңестің (бұдан әрі - Үкіметаралық кеңес) және Комиссия Кеңесінің отырыстарын өткізуді қаржыландыруға бағытталады [3, 9-бап]. Сонымен қатар, Ережеде Одақ бюджетінің кіріс бөлімі мен шығыс бөлімдеріне қатысты анықтама беріледі, «Одақ бюджетіне келіп түсетін ақшалай қаражаттары – Одақ бюджетінің кірісі» ал, «Одақ бюджетінен жұмсалатын ақша қаражаттары – Одақ бюджетінің шығысы» [3, 2-бап]. Одақ туралы шартта да, Ережеде де, Одақ бюджетінің кірістері мен шығыстары теңдестірілген болуы тиіс деп көрсетілгенін байқаймыз. Яғни, Одақ бюджетінің кіріс бөлімі мен шығыс бөлімі көлемдері жағынан бір-біріне теңестірілу қағидасы сақталуы қажет.

Одақ бюджетінің нормативтік-құқықтық базасын талдау нәтижесінде бірқатар тұжырымдар мен ұсыныстар жасауға болады. Ереже - Одақ туралы шарттың негізінде бекітілген және Одақтың бюджетіне байланысты негізгі мәселелерді қамтитын басты норма болып табылады. Дегенмен, Ереже бюджет процесінің тәртібін анықтайтын нормалардан тұрғанымен, Ережеде бюджет жүйесіне, бюджет процесіне түсінік берілмеген. Ереженің Жалпы шарттары туралы бөлімінде, «Одақ бюджетінің жүйесі», «Одақтың бюджет құқығы», «бюджет қаражаты», «бюджет процесі» «меншіктен түсетін кірістер», «Одақ бюджетінің өзге де шығындары», «өзге де төлемдер», «қаржылық емес активтер», «қаржылық активтер» терминдерін енгізіп, оларға түсінік берілсе. Яғни, аталған норманы әлі де болса жетілдіре түсу қажет.

Тақырыпты зерттеу барысында барлық нормативтік құжаттардың ресми тілде екенін және мемлекеттік тілдегі халықаралық-құқықтық актілердің жеткіліксіз болып отырғанын байқадық, тіпті кейбір нормативтік құжаттар қол жетімсіз болып отыр. Сол үшін, Одақтың ресми сайты Одақ құқығының қайнар көздерімен толық қамтамасыз ету қажет. Мемлекеттік тілдегі нормалардың орнын толтыру үшін мемлекеттік тілді жетік меңгерген халықаралық заңгер мамандарды тарту қажет.

ЕАЭО-ның ресми интернет желісінде Одақ бюджетінің жалпы сомасының көлемі, қандай қаржылардың есебінен қалыптасатындығы, Одаққа мүше-мемлекеттердің үлесінің жалпы сомасы туралы мәлімет жарияланбаған. Бірақ, Ереженің 16-бабында бекітілген бюджеттің кірістері мен шығыстарының толық көрінуі қағидасын, шынайылық пен ашықтық қағидаларын ескеретін болсақ [3], аталған қағидалар толық көлемде сақталып отырған жоқ деуге негіз бар. Мемлекеттік құпияларға байланысты немесе Одақтың және Одаққа мүше мемлекеттердің саяси-әлеуметтік мәселелеріне нұсқан келуі мүмкін жағдайлардан басқа мәліметтер ашық болуы қажет. Әрбір азамат өзінің мемлекетіне, оның даму жағдайларына алаңдауда, сондықтан да азаматтар ЕАЭО бюджет қаражаты қандай шараларға бөлінеді, қандай көлемде жұмсалады, ЕАЭО-ның қаржылық-шаруышылық қызметіне бөлінетін қаражат мөлшері және басқа да салаларға жұмсалатын бюджет қаражатының көлемі туралы мәліметтерді білуге құқылы. Мысалға, 1997 жылы Вашингтонда құрылған, Халықаралық бюджеттік әріптестік (International Budget Partnership), 2006 жылдан бастап әрбір екі жыл сайын Бюджеттің ашық индексіне (Open Budget Index) шолу жасайтын есеп баяндама жариялайды [8, 167 б.]. Осыған қатысты И.Д.Тургель мынадай пікір білдіреді: «Халықаралық

бюджеттік әріптестік азаматтар үшін жеңілдетілген есептерге ерекше назар аударады. Жеңілдетілген есептер егжей-тегжейлі мәлімет алмайды, бірақ инфографика элементтері бар ыңғайлы форматтағы бюджет туралы жалпы түсінік береді» [9]. Ал В. В. Климанов пен А. А. Михайлова: «Ашық бюджет азаматтар мен билік арасындағы диалогты дамытуға ықпал етеді және мемлекеттік басқару органдарына деген қоғамның сенімін арттыруға мүмкіндік береді» - дейді [10, 10б.]. Мәселені зерделей келе, Одақ бюджетінің құрылымы мен оның орындалуы туралы есептер азаматтарға түсінікті, оңайлатынған және қолайлы болуы тиіс деп есептейміз.

Қорытындылай келе, Одақ бюджеті мен бюджет жүйесін құқықтық реттеудің қайнар көздері әртүрлі негіздерге байланысты жіктеледі және өзге заңды сипаттағы актілерден де тұрады. Бюджет жүйесінің қайнар көздерін мынадай белгілеріне қарай жіктеуге болады: субъектісіне және қолданылуы ауқымына байланысты. Субъектісіне қарай жіктеуіміздің себебі, бюджет процесін жүзеге асыру үшін Одақ органдары өкілеттерге ие. Мысалы, Одақ туралы шарттың 20-бабына негізделетін болсақ, Жоғары кеңес: мүше мемлекеттердің Одақ бюджетіне үлестік жарналарының мөлшерін (шкаласын) белгілейді; Одақ бюджетін және Одақ бюджеті туралы ережені бекітеді; Одақ бюджетіне және Одақ бюджеті туралы ережеге өзгерістер енгізуді жүзеге асырады [2]. Үкіметаралық кеңес Одақ бюджетінің жобасын, Еуразиялық экономикалық одақ бюджеті туралы ережені және Одақ бюджетінің атқарылуы туралы есепті мақұлдайды [2, 16-бап]. Одақтың бюджетін жасауға және оның орындалуы туралы есепті дайындауға ЕЭК жауапты. Сонымен, субъектісіне байланысты мынадай қайнар көздері бар:

- Одақтың халықаралық шарттары;
- Жоғары кеңестің шешімдері мен өкімдері;
- Үкіметаралық кеңестің шешімдері мен өкімдері;
- ЕЭК шешімдері мен өкімдері.

Ауқымына байланысты бюджеттің құрылымына қатысты актілер, бюджетті қабылдау тәртібін айқындайтын актілер, Одақ органдарының құзіреттілігін айқындайтын актілер және т.б.

Бюджет процесіне байланысты да, жіктеуге негіз бар. Өйткені, бюджетті қалыптастырған соң, оны ары қарай егеру қажет. Сол үшін бюджеттік процестің әр сатысын жүзеге асыру үшін Одақтың актілеріне негізделеміз. Яғни олар мынадай:

- Бюджетті қабылдау сатысындағы актілер;
- Бюджетті атқару сатысындағы актілер;
- Бюджеттің атқарылуы туралы есеп беру (есептілік) сатысы кезіндегі актілер.

Одақ бюджетін реттейтін қайнар көздер жүйесін тар мағынада және кең мағынада қарастыруға болады деп ойлаймыз. Тар мағынадағы актілерге, Одақ бюджетін айқындайтын нормаларды жатқызсақ, ал кең мағынадағы актілерге, бюджетті экономикалық категория ретінде қарастырып, оған салықтар мен кедендік баждарға байланысты нормаларды жатқызамыз.

Жаңа халықаралық шарттар мен актілердің қабылдануына байланысты Одақ бюджеті мен бюджет жүйесінің қайнар көздерін топтастыру белгілері де өзгеріп отыруы мүмкін. Бюджеттік қатынастарды құқықтық реттейтін актілерді жіктеу, бюджет жүйесін реттейтін құжаттардың орны мен маңыздылығын түсіну үшін ЕАЭО бюджетін жүйелі түрде түсінуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Академик. Словрь сокращений и абберватур. // [Электронды қор]. – Кіру режимі – URL: <https://sokrasheniya.academic.ru/62368/ЕАЭС>. (05.03.2018 - кіру уақыты).
2. Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 14 қазандағы № 240-V Заңы. // [Электронды қор]. – Кіру режимі – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000240>. (25.02.2018 - кіру уақыты).

3. О Положении о бюджете Евразийского экономического союза Решение Высшего Евразийского экономического совета от 10 октября 2014 года № 78. // [Электронды қор]. – Кіру режимі – URL: <http://docs.cntd.ru/document/420226124>. (25.02.2018 - кіру уақыты).
4. Қазақстан Республикасының 2008 жылы 4 желтоқсанда қабылданған Бюджет кодексі. // [Электронды қор]. – Кіру режимі – URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K080000095_#z3. (10.03.2018 - кіру уақыты).
5. Бюджетный кодекс Российской Федерации от 31.07.1998 N 145-ФЗ (ред. От 28.12.2017). // [Электронды қор]. – Кіру режимі – URL: <http://legalacts.ru/kodeks/Bjudzhetniy-kodeks/>. (10.03.2018 - кіру уақыты).
6. Бюджетный кодекс Республики Беларусь от 16 июля 2008 года № 412. (с изменениями и дополнениями по состоянию на 18.10.2016 г.). // [Электронды қор]. – Кіру режимі – URL: http://online.zakon.kz/document/?Doc_id=30414558. (10.03.2018 – кіру уақыты).
7. Бюджетный кодекс Кыргызской Республики от 16 мая 2016 года. (В редакции Закона Кыргызской Республики от 17.06.2017 г. №106). // [Электронды қор]. – Кіру режимі – URL: http://base.spinform.ru/show_doc.fwx?Rgn=85679. (10.03.2018 - кіру уақыты).
8. А. С. Захаров. Международные стандарты обеспечения прозрачности в бюджетно-налоговой сфере. Материалы конференций «Формирование Евразийского экономического союза: финансово-правовой аспект». Екатеринбург, 06-07 октября 2015 г. // [Электронды қор]. – Кіру режимі – URL: <http://elibrary.ru/item.asp?id=25549506&>. (15.03.2018 - кіру уақыты).
9. И.Д. Тургель. Формирование «открытого бюджета» в Российской Федерации: долгосрочные планы и первые результаты // Вопросы управления. 2014. № 3. // [Электронды қор]. – Кіру режимі – URL: <http://vestnik.uapa.ru/ru/issue/2014/03/03>. (15.03.2018 - кіру уақыты).
10. В. В. Климанов, А. А. Михайлова. Открытость и прозрачность российского бюджета в мировом измерении // Финансы. 2014. № 7. // [Электронды қор]. – Кіру режимі – URL: <http://www.irof.ru/i/publications/184b.pdf>. (15.03.2018 - кіру уақыты)

УДК 341.1/8

ПРОБЛЕМА МЕЖДУНАРОДНО-ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ОТНОШЕНИЙ, ВОЗНИКАЮЩИХ В ПЕРИОД ВООРУЖЕННЫХ КОНФЛИКТОВ НЕМЕЖДУНАРОДНОГО ХАРАКТЕРА

Самат Саида Жанатовна

Студентка 2 курса международного права ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель – Костяная Ю.С.

В этой статье я намереваюсь раскрыть тему именно правового регулирования отношений, которые в большинстве случаев возникают не на международной арене, а на государственной. На сегодняшний день насчитано порядка 15 тысяч войн и международных конфликтов, прошедших за последние 2000 лет. За весь период этого времени, как мы знаем, люди совершенствовали свои орудия, методы ведения борьбы, способы уничтожения, привели в ускоренное развитие ведение и развязывание войны и конфликтов. Сейчас на мировой арене мы можем увидеть порядка 200-сот независимых государств, но остаются и десятки тех государств, независимость которых не признана, провозгласивших себя сами. За все время существования человечества, можем заметить, что период мира и согласия на земле никогда не был долгосрочным. В качестве статистики хочется показать в цифрах, какое именно количество крупномасштабных конфликтов произошло с 1992 года в мире – от 25 до 35, 1998 году – 28 крупномасштабных конфликтов. И все они были внутренними, а не межгосударственными. Важно упомянуть для общей информации, что с 1945 года локальные войны и вооруженные конфликты унесли свыше 30 миллионов человеческих жизней. Войны,